

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ – нің ұйысдастыруымен «Білім беру ұйымдарындағы тамақтануды ұйымдастырудағы нормативтік – құқықтық актілер» тақырыбындағы онлайн форматта өткізілген семинар

Хаттама 1

2024 жыл 15 наурыз

Тақырыбы: «Білім беру ұйымдарындағы тамақтануды ұйымдастырудағы нормативтік – құқықтық актілер»

Қатысқаны: 30. Білім беру ұйымдарындағы тамақтануды ұйымдастырудағы жауапты мамандар, әлеуметтік педагогтар.

Тындалды: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ- нің бас маманы Т.К.Тулегенова .

Әйтеке би ауданы бойынша 26 мектепте бір мезгіл тегін ыстық тамақпен, 4 мектепте буфеттік тамақтану ұйымдастыруда.

Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың басымды бағыты әр баланың құқықтарын қамтамасыз етуге заңды мүдделерін қорғауға бағытталған. Қазіргі таңда алға қойылған басты мақсат – ол балалардың қауіпсіз және жайлы өмір сүруіне жағдай жасау.

Білім беру ұйымдарындағы тамақтануды ұйымдастыруда нормативтік – құқықтық актілер талаптарына сәйкес жұмыстану. Бракеражды комиссия жұмысы жандандыру қажет.

Тындалды: Ж.Сәрсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің әлеуметтік педагогы Лайықова Нұрбану Бақбергеновна.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысы.

Тындалды: Қарашатау жалпы орта білім беретін мектебінің әлеуметтік педагогы Қыдырбаева Самал Лайковна.

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы.

Тыңдалды: Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің әлеуметтік педагогы Соткарова Бакыткул Аутаевна .

"Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы.


Тыңдалды: Талдысай жалпы орта білім беретін мектебінің әлеуметтік педагогы Ишоулова Гульназ Максотовна. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі

№ 158 бұйрығы. "Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары.

Шешім:

1. Білім беру ұйымдарындағы тамақтануды ұйымдастыруда нормативтік – құқықтық актілер талаптарына сәйкес жұмыстану.
2. Бракеражды комиссия жұмысы жандандырылсын.
3. "Қоғамдық тамақтандыру объектілеріне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар" санитарлық қағидаларын бекіту туралы". ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ - 16 бұйрығына сәйкес бракеражды комиссия мектеп асханасында берілетін тамақтың сапасын, мөлшерін бақылауға алынсын.
4. Тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың құжаттарын мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сай жинақталсын.
5. Білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы ақпараттары білім беру ұйымының сайтына орналастырылсын.
6. Ұлттық білім беру деректер қорына ақпаратты сапалы орналастырылсын.

Хатшы:



Шамшиева Л